

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 123 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 11 желтоқсан N 123а

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 123 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

1-тармақтағы "1288 (бір миллион екі жүз сексен сегіз мың теңге)" деген сөздер "1228 (бір миллион екі жүз жиырма сегіз мың теңге)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде:

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шаралар" деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық пошта және Интернет бойынша қызметтер. Бөліп берілген желі бойынша Интернет желісіне қосылу. Модем - 3 дана, картридж - 15 дана. Компьютерлік және ұйымдастыру техникасына техникалық қызмет көрсету. Газетте компьютерлік және желілік жабдықтарды мемлекеттік сатып алу жөнінде тендер өткізу туралы хабарландыру жариялау.";

2) көрсетілген қаулыға 3-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде:

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шаралар" деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

"1 сервер, 18 компьютер, 1 сканер, 1 ксерокс, 15 принтер, 28 үздіксіз қуат беру көзі, 1 - HUB 24 port, 5-санаттағы кабель - 1400 м, патчкорд (3 метрлік), RJ-45 ұштықтары - 10 дана, кабельдік қораптар - 200 м, 40 - 90 градусық бұрыштар, 21 розетка, 50 дана RG-45 коннекторын сатып алу. Желілер, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету сатып алу: сканер үшін - мәтін тануға - 1,28 пайдаланушыға арналған вирусқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз ету - 1. Жергілікті желі құру".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК